

Л 2006
6514к

ӘЛДИБЕКҰЛЫ



КЕЛГЕ

Шаймерген ӘЛДИБЕКҰЛЫ

КЕЛІН

Повестер мен әңгімелер

“Елорда”
Астана – 2005

ББК84 Қаз 7-44

Ә 50

ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ
СПОРТ МИНИСТРИЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫГАРЫЛДЫ

Әлдібекұлы Ш.

Ә 50 Келін. (*Повестер мен әңгімелер*)
— Астана: Елорда, 2005. — 132 бет.

ISBN 9965-06-421-0

Белгілі ақын, Жамбылдың 150 жылдығына орай откен республикалық ақындар мүшəйрасының жүлдегері Шаймерген Әлдібекұлы ара-тұра прозага да қалам тартады. “Келін” атты бұл кітабына оның әр жылдары жазған повестері мен әңгімелері топтастырылған.

Шыгармаларының тілі шүрайлы, жеңіл оқылады.

Ә 4702250201—364
450(05)—05

ББК84 Қаз 7-44

ISBN 9965-06-421-0

© Әлдібекұлы Ш., 2005
© “Елорда”, 2005



КЕЛИН

(Повесть)

Гүлгайша онжылдық мектепті орташа бітірді. Енді жоғарғы оку орнына баруы керек. Бірақ жүрек құрғыр да-уаламайды. Өзі де сан рет көріп, естіп жүр. Жақсы бітіргендер құлап қайтып жатқанда, Гүлгайша түсे алады дейсің бе? Кейінгі кезде көп ойлап мазасы кетіп жүр. Экесі Тоқтарбай да, шешесі Құлжан да қызының адам болуын тілейді, әрине мақсаттары біреу. Қалайда Гүлгайшаны окуға түсіру. Тамыр-таныстарын іздестіріп, осы жөнінде әңгіме қозғайды. Тұңғыш қыздарының жолына дүниені рәсүә қылуға әзір. Ойындағы орындалса кішігірім той да жасап бермек ниеттері бар.

Қалаға әнс жүрем, мінс жүрем деп жүргендес үйінс нағашысы келс қалды. Тоқтарбай қызы жайлы әңгімені тағы да алдыға тартты. Нағашысы оған Алматыда бір институтте істейтін туысының баласының ссімін атап, оның әдрісін жазып берді.

Тоқтарбай семіз бір тоқтысын сойып, жолға жиналды.

– Қолмен сойылған малдың дәмді сті қалада бар деймісің, жаңа танысым жақсы қарсы алса, көнілдегіміз де орындалып қалар, – деп ол ішкі төс қалтасынан блокнотын суырды. Ондағы “Лабасы көшесі, 83 үй, Әмірсейітов Әнуар” деп жазылған сөзгс тағы бір рет көз жүгіртті.

Тоқтарбайға қала әбден таныс. Ол мұнда бухгалтерлік техникумды бітірген. Сондағы бозбалалық өмірдің үш-төрт жылды текке отпепті. Осында Құлжанмен танысып, келешегі жайлы сырласқан. Құлжан онда дәрігерлік училищеде оқитын. Екеуі оқуын бітірген соң Тоқтарбайдың ауылы Қайнарға тартып кеткен. Енді, мінс, Тоқтарбай өз қызын окуға алып келіп тұр. Уақыт неткен тез еді, ол кездегі өмір кешеған болғандай еді-ау, – деді Тоқтарбай қаланың жыл откен сайын жасара түскен келбетіне ұзақ қарап. Әр келген сайын бой түзеген жаңа үйлерді көреді. Гүлгайша да өз ойымен өзі болып, бұрын көрмеген қалаға тамашалай қарап қапты.

– Мінс, Гүлім, Алматы деген үлкен қала осы болады. Анау трамвайдың жолы, – деді Тоқтарбай қарсы алда-

рында көлденсөн түсіп жатқан қос рельсті иsgімсн нұсқап. Манадан бері құжынаған адамды көріп таңданған Гүлгайша:

– Аға, халқы көп екен ғой, – деді.

– Бұл қайта аз. Халықтың көпшілігі орталық көшелерде.

Әнуардың үйі базарға жақын болып шықты.

Есіктін алдында ашандау келген, бойы ортадан сәл жоғары, ак құба келіншек ұшырасты. Олар сәлемдескен-нен соң, Тоқтарбай: “Әнуар осында тұра ма?” – деді.

– Осында тұрады, жүрініздер, – деп Әсем оларды үйге карай бастады. Әнуар да қызметтөн келген беті екен.

– Иә, шырағым, аты-жөнінді әлгі туысың арқылы біліп, іздеп келген жайым бар. Мен де алысың емеспін. Атым – Тоқтарбай, мынау – қызыым. – Ол жанында отырған Гүлгайшаға қарап қойды. – Оқуға алып келдім деп таныстырып шықты.

Әнуар мен Әсем ашық жандар екен. Ауыл-аймақтың амандығын біліп, туыстарының қалай тұрып жатқандығын сұрап жатыр.

– Таныстық деген жақсы ғой, Тоқа. Үйіміз осы, әйтеуір жоқтан жоғары. Бір-екі жылда үкімет үйі беріп қала ма дсп үміттеніп отырмыз, – деді Әнуар аласа төбелі, шағын тере-зелі кішкене үйдің ішіне Тоқтарбайдың көңілін аударып.

– Енді баспаңа деген тәуір ғой. Осыған қанша төлсей-сіндер?

– Отыз сом.

– Қалай қымбат. Мұндағы көп бөлмелі үйі барлар жұмыс істемей, үйін пәтсергे беріп-ақ күнелтеді дессенші.

– Иә, солай.

Тоқтарбай үй иелерінің жатырқамай, құшақ жая қарсы алғанына сүйсініп, разы болды, Гүлгайша да қысылмай, өзін еркін ұстады. “Өздері қандай кішіпейіл адамдар еді. Жандары қалмай, құрак ұшып жүр ғой. Қала халқы қонағын сал-қын қабылдайды. Тіпті кейбірі “танымай” кетеді деген сөздерді жиі естуші ем. Ол сөз бекер екен”. Тоқтарбайдың үй иелері туралы ойлап отырған ойын Әнуардың:

– Гүлгайша, қай оқуға түскелі келдің? – деген сөзі бөлді.

– Ә!

– Қайсысына болсын, түссе болды ғой, – деді Тоқтарбай.

– Жок, Тоқа, олай ойлауға болмайды, Гүлгайшаның өзі қалаған, ұнатқан мамандықсыз болмайды. Кейін “Қап! Ана оқуға неге түспедім екен” деп өкініште қалуы мүмкін.

– Рас, аға, өзінен сұрайықшы, – деді Әсем.

Гүлгайша енді әңгіменің түйіні өзінс келіп тірелгенде, не айтарын білмей, қызырып кетті. “Мұғалім, дәрігер, экономист, юрист, журналист... Бәрі де жақсы-ау. Маған салса осылардың қайсысына болса да түссем арманым болмас еді”, – деп ойлады Гүлгайша.

Жас қызының ойын түсінгендей, сөзге Әнуар араласты.

– Жыл сайын конкурс. Құжат тапсыратындардың көптігінде шек жок. Абитуриенттердің көшілігі оку таңдамайтын болды. Қай жерде конкурс аз, сол жерге барып бағын сынаиды. Ал мектепті құшті бітіргендер үнатқан ма-мандыққа қол артады. Мақсатына жетеді. Мектеп бітіргендердің бәрі солар сияқты оқуда “төрт аяғынан тең басқан жорға” емес қой деді.

– Дұрыс айтасың, Әнуар. Окудың бәрі жақсы. Гүлгайша соның біреуінс түсіп кетсе жарап еді...

Әсем халық шаруашылығы институтының кешкі бөлімінде оқиды екен. Ол Гүлгайшаға күндіз жұмыс істеп, осы институттың кешкі бөліміне түсуге тілек қосты. Бұған түсу – күндізгі бөлімге қарағанда женілдеу. Оның үстіне онда бір таныстары бар-тын. Келіншегінің бұл ойын Әнуар да қоштай кетті.

Тоқтарбайдың қөзінде қуаныш оты үшқындейды. “Қай бөлімге тапсырса да институтқа түссе болды ғой. Жақсы оқып кетсе, күндізгісіне ауыстыруға болады. Бәрінен де Гүлгайша түседі, түсіреміз деген жок па? Өздеріне сенгендіктен айтады да”, – деп ойлады Тоқтарбай.

* * *

– Қазір бір орынға скіден келеді екен. Әлі бірталай уақыт бар, үш-төртсуге жететін шығар. Күндізгі бөлімдерде бұдан әлдекайда көп, – деді Әсем Гүлгайшаның құжатын тапсырысып келген соң.

Әзінің туған сіңілісіндей көріп, жаны қалмай жүгіріп жүрген Әсемге Тоқтарбай қатты риза болды.

– Келгенімізге екі-үш күн болыпты. Бас қосып, қала да аралай алмадық. Бұған күн жексенні екен. Біраз жүріп, қала аралап қайтсақ қайтеді? – деді Тоқтарбай шай үстінде. Бұған Әнуар да, Әсем де қарсы еместігін ангартты.

– Алдымен Гүлгайшаға музей мен зоопаркты көрсетейік, – деді Әсем.

Олар таксимен тура паркке тартты.

– Тү... Мына күннің қайнауын-ай! Бір жерден салқындан алсақ қайтеді. – Токтарбай Әнуарға қарады.

– Музейге барып шыққан соң болмаса, Тоқа. Өзініз әбден терге малшыныпсыз-ау. Жаңа женілірск киінбей. Костюміндегі тастаңыз дегендегенде көнбеп едіңіз...

Гүлгайшаға қала, тіпті көремст бол көрінді. Көп қабатты үйлерге қызықтай қарайды. Әсем болса оған қаланы жайымен таныстырып келеді. Алғаш Гүлгайша жан-жағына алаңдай берген соң, Әсем: “Байқап жүрмесең машинаның астына түсіп қаласың. Оның бетін ары қылсын. Әйтсе де, мұндай жағдайлар кездесіп те жүр. Тек көшсінің қылысқан жерімен өт. Сонда да анау, оны светофор дейді” – деп Әсем оны иегімен нұсқап көрсөтті. – Көк свесті жанғандаған да өтуге болады. “Сақтықта қорлық жоқ” деген. Әрқашан да абай бол”.

Гүлгайша бұл сөздерді көкейіне түйіп алдым дегендей, бас изсп қояды. Айналасына бұрынғыдай сұқтанып қарамауға тырысады.

– Әнуар, бір жерден тамақтанып алайық, – деді Токтарбай. – Манадан бері шаршадық тағой. – Олар үнсіз құппады.

Жаңтар музыка өуенінің ырғағымен жиі-жі ортаға шығып, жүп-жұбымен билеп жүр. Қыздардың аяғында шпилка, үстінде қысқа көйлек. Мұнысы бір түрлі жарасстықты көрінетін сияқты. Маналы бері бұларға қызыға қарап отырған Гүлгайша: “Шіркін, мен де осылардай болсам”, – деп тәтті қиялдың тереніне сұңғіп кеткендей болып еді. Токтарбай да олардың киім киісіне риза.

“Гүлгайшаға қалаға киүгі ыңғайлы киімдер алып берейін”, – деп ойлады ол.

– Сен би білесің бе, – деді Әсем, Гүлгайшаның биден көз алмай отырғанын аңғарып.

– Білмеймін, әпке.

– Оқасы жоқ, оқуға түскен соң үйренесің.

Даяшы үстелге тамақ өкелді. Ішіп-жей отырып, Токтарбай қызы жайлы әңгімені қайта қозгады.

– Қызыымды өздеріне тапсырдым, – деді ол біреу естіп қалған жоқ па скен дегендей айналасына сақтықпен қарап қойып. – Маған мұнда бекерден-бекер жата бергенде не шығады дейсіндер. Жұмысымнан қалмайын.

– Қолдан келгендей аянбаймыз, Тоқа. Институтқа қалтаға сеніп те келстін болды ғой. Ал ондайлардың жолы

болып та жүр. Бәлкім, біздің де жолымыз болып қалар, – деді Әнуар Гүлғайшаға қарап қойып.

Осы сөт қыздың жанары мына таныс ағасының жанарына соқтығысып, ақшыл жүзі қызылтым реңгес боялды. Мұны осы екеуінен басқа сшкім аңғарған жок.

– Ракмет, Әнуар. Сендердің бұл жақсылықтарынды бұл дүниеде ұмытпаспын, – деді Тоқтарбай ризалық көнілмен.

Гүлғайша жүргегінде қуаныштан туындаған сезім сәулелері өн бойын шарпып өтті.

Музика дамылсыз ойнауда. Бәрі де соның сиқыр әусніне елтіп, көнілдері көтеріңкі отыр. Біраздан соң Әнуар мен Әсем ексуі бір-екі рет билеп келді.

– Қаланың осысы жақсы-ау.

Тоқтарбайдың мейрамхана туралы айтып отырғанын Әнуар бірден түсінді.

– Әлі-ақ қала мен ауылдарды айыра алмай отырармыз. Оған қанатын кең жайып келе жатқан сіздің ауылыңызды алсақ та көз жетеді. Айтпақшы, асхана салынып жатыр еді, бітті ме? – деді Әнуар.

– Біткен. Бір жырғап қалдық. Сырасы тегі үзілмейді.

– Ендеши, мейрамхананың ауылы да алыс емес скен.

– Рас-ау, оны да көрстін күн жақын болар.

Олар салқын сыранны сораптай тартып, дәмді тамақтарды асықпай ішіп отыр. Гүлғайшаға арнап лимонад алдырған. Ал Әсем дс, басқасы да сыра ішеді. Аз да емес, әр адамға екі бөтелкеден келеді. “Бұл арақ болса, неге аз-аздан ішпейді. Маған неге бермейді?”. Гүлғайша айналасына үрлана көз тастап еді, бәрінің алдында сыралар самсал түр екен. “Әнсебір екі жігіт он шакты бөтелкесін босатып тастапты. Қайтіп ішті екен, карындарына қалай сыйды?”. Гүлғайшаға бәрі таң.

* * *

Гүлғайша сабағын пысықтап, бос уақыттарында жақсы таныс болып кеткен аға, әпкесімен кино, театрга барады. Алғаш ашылып сөйлеспейтін ауыл қызына олар өз әкешешесіндей болып кетті. Әнгіме қозғай қалса Гүлғайша балапан қанат ойларын іркіп қалмайды. Әнуардың танысы Нұрсапа оның үйінде бір-екі рет қонақ болғаннан кейін: “Жақсылап даярлана бер, көмек керек болса аянбаспын,” – деген еді. Сол сәтте жас қыз қызыарып төмен қараса да, бір сүйеніші осы ағайы екендігіне көзі жеткендей болып, оны бір түрлі жақсы көріп кеткен.

Гұлғайша кешелі бері қосымша сабакқа барып жүр. Бүгінгі математика пәнін Нұрсапа ағайы жүргізді. Сабакта ол өзі қатарлы құрбысы Құлпәшпен танысты. Бұл жаңа танысының мектеп бітіргеніңе бір жыл болыпты. Оқуға откен жылы жағдайы болмай келе алмаған. Ауылда кітапханаши боп істепті. Орта бойлы, толықтау келген әдемі қыз. Гұлғайша оны анда-мұнда үйге де ертіп келіп тұрды.

Құлпәш өзіне қойылған сұрақтарға іркілмей жауап берсө болса, бұл Гұлғайшага өң мен түстей көрінеді. Онысын бет пішінінен де аңғартып өтеді. – Негізіне түсінбеген соң, қанша оқығанмен басың алмайды екен, сабактың өзі бір-бірінсے жалғас дүние ғой. Әу баста тәп-тәуір оқып жүріп, сырқаттанып окудан бір айдай қол үзіп қалып, қатарға қосыла алмай-ақ қойдым, – дейді ол ағынан жарылып.

Емтихан басталатын кез жақындаған сайын екі құрбықатты тынышсыздана бастады. Әсіресе, Құлпәш қолынан кітап тастамай, тұннің бір уағына шейін оқиды. Мұлт кетем бе деген оймен, түсінбеген беттерді қайта қараудан жалық-кан смес.

Мінс, бұгін алғашқы сынаққа түсетін күн. Институт алды қара-құрым ел. Оның ішінде сігделері де, тіпті орта жастан аскандары да кездеседі. Кейбіреуі “емтихан алатын кім?” – деп сұраса, енді бірсулері бәйгеге қосатын үл-қыздарын жетектеп сол топтың ішінде жүр.

“Әй, осы жен үшінан жалғасқандар қашан құрыр екен?! Мұндайда білімің де жөнді сараланбайды. Маңдай терінді төгіп жүріп еткен сібебің еш болады-ау”, – деп Құлпәш мұңайып, ойға шомып тұрғанда жанына Гұлғайша келді. Ана дай жерде Әнуар тұр екен.

– Ағаң саған жанкүйер болып келді ме? – деді Құлпәш.
– Иә, тапсырып кетсек жақсы болар еді-ау...
– Құлпәш, өзірлік қалай? – деді Әнуар бұларға жақындалп.
– Әзірлік жаман емес сияқты. Кім біледі, ағай, – деді Құлпәш одан көмек тілегендей.

– Корықпа, Құлпәш, дайындығың жақсы болса, алмайтын қамалың болмайды, оқуға да онай түсесін, – деді Әнуар оның жігерін қайрай түсіп.

Бұл сөз Құлпәш көңілін орнықтыра түскендей болды.

Емтихан тапсырып, бағын сынамақшы болып тұрған бір топ жас кабинет алдында кезек күтіп тұр. Біраздан кейін іштсін бірabituriент шықты.

Жұзі бал-бұл жанып, қуанышы қойнына сыймай келс жатқаны анық байқалады. Оны қоршай қалған ұл-қыздар: “Қанша алдың, қандай сұрақтар келді, мұғалім қатал емес пе екен?” деген сыңайлы сұрақтарды оған түс-түстен жаудырып-ақ жатыр.

— Бес, бес! — дейді ол қуанышты жүзбен. — Сұрақтары да онай.

Әне, тағы бірі ілбі басып шықты. Жұзін мұн көлеңкесі торлаған. Оған әлгіндегідей сұрақты ешкім қойған жок. “Құлап” қалғандығын іштей сезгендей. Ол анадай жерге барып, көз жасын сұртіп тұр. Одан соң тағы біреуі шығып еді, ол қанағаттанарлық баға алыпты. Бұдан әрі тапсырғанмен пайдасыз екенін, бәрібір түссе алмайтынын сезгендей ол сылбыр басып барады. Енді сынақ тапсыру үшін кіруге кезекте тұрғандар, “қазір тапсырмаймын” дегендей бытырай бастады.

— Екі адам кірсін! — деді шашын кескен сары келіншек есіктен басын шығарып.

Бірақ кіруге ешкімнің батылы жетпеді ме, ұл-қыздар тым-тырыс қалды. Осы кездे артта тұрған Күлпәш ілгері үмтүлды. Жүдеу киінгсін бұл қызға, басқалары таңырқай қарасты. Арада көп уақыт өте қойған жок, әлгінде ғана ішке кірген бұл қыз сұртқа күліп шыққанда, оның “өте жаксы” баға алғанына ешкімнің де күмәні болмаған еді. Алдынан жүгіріп шыққан Гүлғайша құрбысы оны құшақтай алып, бетінен сүйіп жатыр.

— Сенің де жақсы тапсыруыңмен, — дейді Күлпәш қара көзі күлімдеп.

Әйтеуір бактары жанып, қос құрбы институт табалдырығын аттады. “Біз неткен бақытты едік!” — дейді скеуі өміргес ризашылықтарын жүздерінен аңғартып. Шындығында, олар осы сәт бақыт құшағында тербеліп бара жатқандай көрініп еді.

* * *

— Әпке, — деді бір күндері Гүлғайша Әсемгс, — біз бір үй тауып едік. Мына Күлпәш екеуміз тұрсақ деп...

— Осы үйде тұра берсең болмайтын ба еді?

Әсем ренжігендей қалып білдірді де, Гүлғайшаның қысылып тұрғанын байқап қап, оны іш тарта сөйледі.

— Жарайды, ағаңа да айтайын. Ұмытып кестпей, үйге келіп тұрындар.

– Энке, көрсөткен жақсылықтарыңызды қалай ұмытайын, аға сксуіңізге өле-өлгениш қарыздармын, рақмет сіздерге, аға менің кеткенімे ренжімесін, сәлем айтарсыз, – деді Гүлғайша үйден шығып бара жатып.

* * *

Студенттік өмір де басталды. Гүлғайша тек кештеғана институт партасына отырып қайтқаны болмаса көбіне-көп қолы бос. Ал Құлпәш болса – уақытқа зәру. Қолы қалт етіп босай қалса сабағына дайындалады. Күндіз жұмыс істейді. Сол өздері оқитын институтта киім ілуші. Өз күндерін әрен көріп отырған ата-анаһына ауыртпалық салғысы келмейді. Бір рет үй іші біраз ақша салған екен, әкесіне былай деп хат жазды: “Маған ақша салып әуре болмаңыздар, мен студент деген атым болмаса күндіз жұмыс істеймін”.

Қайтсін, жастайынан өмір тауқымстін көріп өсті. Әкесі Отан соғысының мүгедегі, кенсөнің күзетшісі. Шешесі аурушаң. Өзімсі тсте жалғыз сіңлісі оқушы.

– Үш күннен соң алғашқы ақшамды алам, соған бір жемпір алып кимсесем, үстіме ілестінім қалмады, – деп Құлпәш тозыңқыраған көк жемпірін шешіп, халатын киді.

Жылтырағаны жалғыз сол болған соң біраз уақытқа дейін күтіп кигені де жөн ғой. Гүлғайша оны қатты аяп кетті.

“Менің үйде кистін жемпірімнен жаманды ол сабакқа, жұмысқа киіп барады. Менде артық бір-екі жемпір, көйлектер бар. Соны Құлпәшқа берсейін”, – деп ойлады.

– Құлпәш, менің мына жемпірім мен көйлегімді саған сыйласам ба деп тұрмын, – деді Гүлғайша.

– Жоқ, рақмет, алмаймын!

Құлпәш ыңғайсызданып қалды.

– Екеуміз апалы-сіңлілердей болып кеттік емес пе? Бірбіріміздікін кигенде тұрган ис бар, – деді Гүлғайша. Өзі де бескөр айттым ба дегендей қысылып кетті. – Бәрібір бұл жемпірлер менде киілмей босқа жатыр еді...

– Рақмет, Гүлғайша, – деп Құлпәш риза болған конілмен келіп құрбысының бетінен сүйді.

* * *

Гүлғайша әкесін “аға” дейді. Тұңғыштары болған соң Гүлғайша кемпірге табиғы. Ол кісінің козінішесі Құлжан да, Токтарбай да Гүлғайшаны балам деп емірепіп, бетінен сүйген емесс. Бертін келс қыздың сәби жүргегі әкес-

шешіссінің кім екенін сезіп-біле бастады. Бірақ тіс жарып, ешкімге ештеңе деген жоқ. Ол жастайынан не килем, не ішем демей, сркін өсті. Енді, мінс, студенттік өмірдің ризығын бірге татып, Құлпәш екеуі тату құрбылар болып тұрып жатқаны мынау. Бос уақыттарында екесін сабактарын пысықтайды, ойын-сауыққа бірге барады.

Бір күні бірге оқитын құрбыларының үйлену тойы болып, екесін сол тойдың құрметті конагы ретіндес шакырылды. Той көңілді етіп жатты, студенттер билеп жүрген-ді. Бір уақытта Гүлгайшаны өзі бұрын көрмеген бір қара торы, арықтау келген ұзын бойлы жігіт биге шакырды. Гүлгайша сол жігітпен бірнеше мәртес билеп, ақыры бұл кеш ексуінің танысып-білісуімен естерінде қалды.

— Байқа, Гүлгайша, ұнатып қалған екенсін, “сырын білмеген аттың сыртынан жүрме” дегендейін ол жігіт сені жер соқтырып кетіп жүрмессін. Институт бітіргелі отырған адамның қызы жоқ дегенге кім сенеді, — деді Құлпәш үйге келген соң.

— Маған ол жігіт бар сырын ашып салды, — деді Гүлгайша. — Өзі жуас сияқты. Сондай мінезімен кімге сөз айта койды дейсің? Сабақ-сабақ деп жүріп уақытты текке откізіп алышын. Өмір өзі-ак тауып береді деп ойлаушы ем. Сен шыгарсың сол өмір кездестірген адамым деп тұр. Жүрек алдамайды демейтін бе еді? Мен оған қалтқысыз сендім.

Қысқы сессия да жақындаған қалды. Семинар, коллоквиум дегендер көбейді. Гүлгайшаның сабағы ауырлай түсті. Қанша оқыын десе де басына қонар болмады. Енді не істсөй керек? Мұндайда ол кітаптарын лактырып тастап, Құлпәштің жұмыстан келуін күтеді. Ол келсе бір жадырап қалады. Сабакка да зауқы соғып, қолына кайта кітап алады. Екесін сабакқа дайындалып, түсінбегендерін Құлпәштан сұрап отырады. Кенет есік қағылды. “Бұл кім болды екен?” — деп ойлап үлгергенше үйге Ерік кіріп келді. Құлпәш пени Гүлгайша оны жылышырай танытып, жақсы қарсы алды. Дастанаран басында біраз әңгімс-дүкен құрғаннан кейін Ерік билест әкелгенін айтып, екеуін киноға ертіп кетті. Міне, жаңа таныс бұл жігіт бұдан былай үйге келуін жиілетіп, туыстарындағы болып кетіп еді. Ол келген сайын қыздарды бір жерлерге шақыра келеді. Бірде Құлпәш: “Екеуің барындар, менің жұмысым бар еді” — деп сылтау-ратып үйде жалғыз қалып жүрді. Мұндайда ол сабағын

пысықтайды. Кейде жападан-жалғыз отырып алып, Гүлгайшаны кінөлайтыны бар. “Қыдырудың да орыны бар емес пе? Онан да сабағын оқыса, оған пайдалы болмас па еді”. Әйтссе де, Құлпәш Гүлгайшаның көңілін жыққан емес. Бетінс де айтып салып жүрді. Ондайда Гүлгайша өкпелеп қалғанымен, артынан құлісіп отырғаны. Құлпәшқа оның кес сактамайтыны ұнайды.

Соңғы кезде Құлпәш құрбысының жағдайын көбірек ойлайтын болып жүр. Сабак үлгерімі көңілдегідей болмай, оқудан шығып қалмаса екен дейді де. Өзінс оның кейбір қылышы да ұнамай барады. Ен жақын құрбысы санағандықтан, бірден-бір жанашыры да өзім деп түсінеді. Ендеше ол жанын жегідій жеген шырғалаңнан шығудың амалын қалай таппақ? Жақын күннен бері Гүлгайша жігіті – Ерікті көбіне өзі ізден баратынды шығарды. Өстіп жүріп бір сметиханнан сүрінді.

Құлпәштың Гүлгайшага жаны қатты-ақ ашиды. Қолдан келер іс емес. Деканнан қайта тапсыруға рұқсат алған скең, тағы “құлап” шығыпты. Салы суға кетіп жүргені. Ешкімге сездірмс дейді. Бар сырым ашылған соң ел-жүртқа не деп қараймын дейді-ау. Жасырғанмен бәрібір ашылмай ма? Ой түйіғына тірелгенде, Әнуарға айтсам ба деп те еді...

* * *

Ерік пен Гүлгайша саябақты біраз қызықтап, мейрамханаға кірді.

– Гүлгайша, шөлдегенде шөлінді басатын сусынның төрсі – сыра болады. Содан ішсек қайтеді, – деді Ерік.

– Жарайды, болсын.

Гүлгайша қалаға алғаш келіп әкелерімен бірге отырып тамактанғанын есіне алды. Онда сыра ішуге рұқсат етпеп еді. Енді көрмеккс бекінді.

– Екеуін тауыса аласың ба? – Ерік қуақылана жымыңдады.

– Қайдам, іше көрейік те.

Әзіл-қалжың дәмді жасалған тамақпен бірге шымшымдап бойға тараپ жатты.

Ұрттап көрген Гүлгайша:

– Мынауыңның дәмі қандай еді, – деп толы бокалды дастарқан шетіне ысыра берді.

– Алғаш солай көрінеді, дәмін алған соң үйреніп кетесің, – деді Ерік оның алдына бокалды жылжытып қойып

жатып. Гүлгайша жігітті сыйлағанынан ба, әлде үялғанынан ба, сыраны сораптап ішіп отыр. Расында да жағып қалғандай. Бокал кішкене орталанса Ерік үстемелетіп құяды.

– Гүлгайша, адамның күні – адаммен деген. Тағдыр тоғысы деген қандай жақсы, ө! Қосыласың ба, осы сезіме? Гүлгайша бас изеді. – Ендеше, біз де тоғыстырайық тағдырды. Жаман тұрмаспыш.

– Несін қайталай бересің, көрерміз дедім гой, – деді. Гүлгайшаның ақшыл жүзі нарттанайын депті. Ерікке жанарын салып қарап, “менің болашақ күйсөуім сенсің” дегендей езу тартты.

Олар шыкқанда сыртта айлы тұн екен. Салқын самал өн-бойды қытықтап жатыр. Қекірек кере дем алған сайын жан дүниенде сергітіп жіберетіндей. Ерік қызды қолтықтап алған. Ұялшақтықты серпіп тастап, іштегі арпалысқан сезімді сыртқа шығармақшы болады. Бірақ асау тайдай тулаған жүрек “сабыр түбі – сары алтын” дейтін мақалды есіне түсіретіндей жайлап басып келеді.

– Мына тұн күндеңіден ерекше тұн бе деймін, Гүлгайша. Қарап көрші өзің аспанға. Әнс-әне, анабір жұлдыз жарқырап тұр. Бізге күө, ө?

Гүлгайша аспанға қарағаны сол еді, Еріктің қалың ерні қыз ерніне дәл жабысқаны соншалық, оның өн-бойын корғасындағандағы балқытып, мамыражай бір дүниеге әкетіп бара жатты. Жастық қызыу мен ішімдік қызыу сол мамыражай дүниеге тезірек жестуге асырып, қызыға, құмарта қарайтындағанда ма, қалай?!

Анау аспан әлемі, сондағы жыптырлаған жұлдыздар төңкеріліп түскендей, көз алдында самсап жатыр. Рахат бір дүниенің ортасында жүргендей. Өні ме, түсі ме, білер емес. Бір уақытта, “жаным, күнім, арманым өзіңсін” деген Еріктің сезін естіді.

– Болды ғой, Ерік, – деді Гүлгайша, тынысы тарылып.

Енді екеуі үн-түнсіз аяңдап келеді. Алғашқы сүйістің соншалықты ыстық екенін ойладап келе жатқандай. Бір-бірінен қымсынатындағанда.

Түннің біраз уағы болып қалыпты. “Жападан-жалғыз үйде Күлпәш неғып отыр екен, әлде үйықтап қалды ма?” Гүлгайша енді біраз күннен кейін онымен бірге тұрмайтынын ойладап, көнілі құлазығандай денесі бір түрлі тіксініп кетті.

* * *

...Гүлғайша үйгс көілді кірді

“Бір жағдай болған ғой”, – Күлпәш құрбысына
құлімдей қарады.

– Іс онына ма?

– Сырттай ауыстым.

– Мұның не, Гүлғайша? Бұл жөнінде әуелі Әнуар ағайына
айтып көрдің бе?

– Жоқ, айтуға батылым бармады.

– Ауылға қайтпақшысың ба, сонда?

– Жоқ, тұрмысқа шықпақшымын.

Күлпәш құрбысы “шын айтып түр ма” дегендей оның
бұл сөзінс сенс қойған жоқ.

– Мүмкін, маған әзілдеп айтып түрған жоқсың ба?

– Әзілдеп қайтсем, Күлпәш. Еріктің етегінс үстадық қой.
Оқыған жігіт, құрылыш инженері.

– Қашан кетпексіңдер?

– Он-он бес күннен кейін.

– Қойшы, Гүлғайша. Балалықпен істеп, кейін бармағың-
ды тістеп қалып жүрме, әлі де ойланып көр?

– Бидайдың баар жері диірмен деп, түбінде біреуге
тиеміз ғой, Күлпәш.

– Мен не дейін, бақытты бол!

Вокзал маңы ығы-жығы адам. Жолаушылар пойызының
жолға шығатын уақыты жақын. Айырылысу алдындағы
сәттер.

– Үйге хат жазып білдіре сал, – деді Гүлғайша. Түрі
қобалжулы. Күлпәш ексуі бір-бірін қия алмай, құшақтарын
жаза алмай түр. Гүлғайшаның көзінде жас. Айналасына қарап
сіді сонау көкжисек, тіпті көк аспан да түнерінкі скен. Тұрак
таппаған қою бұлт батысқа қарай ұдерсे көшіп барады. Ауда
аздап ызғырық бар. Түгэ өркеш таулар шөгіп қалған. Мынау
табиғат та Гүлғайша көңіліндей құлазып кеткен бе?

– Әй, Гүлғайша-ай! Неге жылайсың. Өмірлік серігіңмен
куаныш құшағына оранғалы түрганда көзіңс жас алғаның
қалай? Бірінді-бірің жетелеп, бақыт баспалдағымен арман
бійгінс көтерілгелі тұрысың ғой. Қой, жылама. Иә, алдында
кормеген ауыл, көрмеген адамдар бар. Жаксы жанұя болып
кетссеңдер болды да. – Күлпәштің де көңілі еріксіз босап
сала берді.

– Жолың болсын, ұмытып кетпе, Гүлғайша! Ал, хош!

– Хош, Күлпәш! Хош, жасыл қала! Мен сениң кен
құшағыңа сыймай барамын.

Пойыз ышқынып қап, орнынан қозғалды. Гүлгайша терезеге жабысып, қолын бұлғап түр. Көз алдын жиектсеген мөлдір тамшылар сырттағыларды бұлдыр көрсетеді. Күлпәш көз үшіндағы пойызға қарайды. Оның жер солқылдатқан дауысының сарыны өлі естіліп түр. Ол Гүлгайшаның әлгіндегі сөзін қайталап тұрғандай.

* * *

Ерік әкеден жалғыз болатын. Қарындасы бар. Онжылдықты өткен жылы бітірген. Институтқа барып жолы болмаған соң ауылда мектепте пионер вожатый болып істеп жүр. Биыл өз бағын тағы да сынап көрмек. Қолынан физика, химия оқулықтары түспейді-ақ. Ерік те хат жазған сайын құлағына құятыны – мүқият даярлану. Өзің күшті болсаң, оқуға түспей қоймайсың, – деген бір келгенінде. Жұпар да сол ағасының пікірін көкейіне мықтап ұялатып алған. Байқап отырса, әр сұрақтың бетінде қалқыса енді тереңірек үніліп, көңіл көкжисгінің кеңіп қалғанын аңғарды.

Сұнғақ бойлы, жас қызы құнделігі әдетінше мектептен оралды. Тамактанып алыссымен жаңа газеттермен танысып шықты. Кенет оның ойын таныс дауыс бөлді. Ауыл радиоторабында істейтін Нұрдәулст қой. Астанадан ойын көрсеткелі артистер келіпті. Соған келініздер деп хабарлап жатқан. Жұпар қуанып кетті. Көптен бері ешқайда шыға алмаған еді.

– Апам жіберсе жақсы болды-ау, енді, – деді Жұпар шешесінің оңайлықпен илікпейтінін ойлап.

Түпкі үйге жүгіріп кіріп, аңырып тұрып қалды.

Несіп көз қызығымен оған сүзе қарады да намазын оқи берді. Жұпар одан қатты имснеді. Кішірек көзінде намаз оқып жатқанда бір мазалағаны бар. Еңкейсе еңкейіп, тұрса тұрып, аузын жыбырлатып дегендсій. Несіп намазын аяктай салып, Жұпардың жақсылап тұрып сыбағасын берген. Содан кейін ақ Жұпар апасынан қатты қорқатын.

Ереккіндікті соғысқа аттанған жылдары Несіп осы “Алғабас” колхозына бастық болып сайланып еді. Ойына алған ісін орынданатпай тынбайтын қайсар адам. Бұл кісінің бетінс әйелдер қарсы келмейтін. Не айтса бұл оларға заң. Ал бір қаталдығы ұстаса Несіп оларды откір мысқылымен түйресп, әр кез жұрт алдында ұялтатын. Несіптің осындағынан корқып колхозшылар жұмыстан қалып көрген емес. Қазір де келіндері оны “бастық апам” деп атайды. Бұл күндері

ол слудің мол ішінде. Самайын қырау шалғаны болмаса әлі де жас көрінеді. Жақында шашақты орамалды тастап, зерлетіп кимсшек тіккізіп киген. Аяғында мәсі, үстінде ескілеу доқаба шапан. Бес уақыт намазын қаза қылмайды. Одан қала берді болашақ құдағиы Күлсіндікіне барады. Онымен бұл түйдей жасты. Қызы Шарапат та болашақ енссі келген сайын, сәлемдесіп, қу жаны қуырдақ болып қалады. Шай құйып беріп, сызылып отырғаны. Ол екі жыл бұрын Алматыдағы бір жылдық бухгалтерлік курсы бітіріп келген. Колхоз кенсесінде мал бухгалтері болып істейді.

Аласа бойлы, толық, қара торы, екі бетінің ұшы нарттай қызыл. Несіп Шарапатты іштей ұнатады. Оның басқан аяғын, жүріс-тұрысын қадағалайды. Ел-жұрттан ол туралы жаман сөз естімегеніне қуанады. Күлсін де қызын қалай болса солай еркіне жібермейді.

Сыртқы есік ашылып, ішке Шарапат кірді.

– Жұпар, кешке ойын көрсетіледі, барамыз ба? – деді Шарапат төрдегі Несіпке қарағыштап.

– Апамнан сұрайын деп тұрмын.

– Апамдарды да ертіп бармаймыз ба?

– Келіссе...

Несіп жаймасын жинап, орнынан тұрды.

– Апа, астанадан әртістер келіпті. Бармаймыз ба? – деді Жұпар.

– Не бар сол жын-шайтанның ойнағында. Неғып секендең кетті десем, көкейінді тескен әртіс екен фой.

Қызырып тұрган Шарапатты көріп, іші жыли сөйледі.

– Бізді қайтссіңдер, екі кемпірдің жылы үйде отырғаны жақсы. Сендер көріп келіңдер, – деді Несіп.

Жұпар мен Шарапат киініп сыртқа шыққанда дала қараңғылық құшағына еніпті. Қошеде дабырласып бара жатқан адамдардың дауысы естіледі. Ызғырық жел есіп, денені тоңазыттын тәрізді.

– Жұпар, Еріктен хат келіп тұра ма? – деді Шарапат, көптен сұрасам ба деген ойының ұшығын шығарып.

– Сирек жазады. Соңғы курсы фой. Сабағы ауырлау болып жүрмесse.

– Маган хат келмегелі бір айдан асты, – деді Шарапат ренішін білдіріп. Ойына Ерікпен киноға барған кездері түсті. “Мен окуымды бітіріп келгенше не заман. Бірбірімізді сағынамыз-ау”. Жел сыйдыры Еріктің сондағы

айтқан сөздерін жеткізіп, жалғастырып жатқандай. “Біз бітіргелі не заман, сағынамыз-ау, сағынамыз-ау!”

– Ештеме емес. Уақыт әлі-ақ өте шығады. Қос қуанышты сонда жасайық. Қазір ертерек. Шешемді жалғызыратпайын.

– Қолымызға аламыз.

– Жок, Ерік, кейінірек, кейінірек... – Аз-кем үнсіздіктен соң Ерік келісімге келген болатын.

Міне, уақыт етіп те кеткен бе? Шарапат алдағы байласқан мерзім төбесін көрсеткен сайын сол күнге асығатынын анғарды. Оның үстіне сағынды да. “Жұр, Жұпар, тезірек жетейік. Жақыннан көрейік. Алдыңғы жақтағы орындықтарды иемденіп те алған шығар”. Олар жедел басып келеді. Шарапаттың ойына тағы да Ерік оралды. Неге хат жазбай кетті екен...

* * *

Тоқтарбай конверт сыртындағы бөтен қолтаңбаға ұзак қарады. Осы сәт Гүлгайшаны есіне алды. Ауырып қалды ма екен?.. Жо-жоқ... сабыр! Ол хатты тағатсыздана ашып, бір жапырақ қағазға төнді. Күлпәштің қысқа жазылған маржандай жазуы әкс жүрегін дір еткізді. Қөнілдің жаймашуағы өп-сәтте алай-түлей боранға ұласты. Басы шынылдалап, көзі қарауытты. Өні күреңітті. Қакқан қазыктай сілейіп тұр. Мынау қөтемнің аласапыран қүндері ғана оның қайғысына арашаши болғандай, құлақ түбінен сұық жел ызың-ызың етеді. Ол басын көтерді. Көз алдын мөлдір тамшылар жиектепті. Ілби басып үйге беттеді. Гүлгайша, қайда кеттің? Гүлгайшам, тұла бойым-тұңғышым, көгершінім менің? Кімнің торына түстің екен? Гүлгайшам... Біреуді көрсе егіліп жіберердей. Қөнілі босап, көзіне жас үйірлді. Тік кеуде иіле түскен. Аяғы зіл батпан. Ауыр жүк ишібын басып түрғандай еңсесін көтертпейді.

Тоқтарбай Гүлгайшаның күйеуге тиді дегеніне сенбейтіндей. Жап-жас көреді әлі де. Кеше ғана түн үйқысын төрт бөлетін анадай, өзі Гүлгайшаны алақанына салып өсірmedі ме? Ерке қызым деп еміренетін. Гүлгайша мойнына асылып, айырылмайтын. Енді сол Гүлгайшаның қайда кеткенінсін бейхабар. Қостанай облысының қай түкпірінен іздемек.

Токтарбай ссігінің алдынан шешесін ұшырастырды.

– Балам, бір жерің ауырып қалғаннан сау ма, – деді шешесі Нагиман.

– Жок, апа. Қызыңыз біреумен қол ұстасып кеткеніне ренжіп тұрғаным фой.

– Тәйт ары, не дейді, окуы қайда қалды?

– Мінеки, құрбы қызынан хат келді.

Токтарбай іркілмей үйге кірді. Басына тап болған ауырлыкты жалғыз көтергісі келмейді. Бұл жағымсыз хабарды алғаш естігенде Күлжанның өні қашып кетті. Жыламады да, ашуланбады да.

– Қой, шырактарым, көнілгіздікке түскеннен не шығады дейсіндер. Еңселерінді көтеріндер. Өз жолын таңдаған екен, көлденен тұрғаннан сақтасын. Жат жұрттыққа жаратылған қыз фой. Әдірісін білгемен де артынан бару жөн емсс. Өздері де кешіге қоймас. Алдымызға келер. Оған дейін біз де қарап жатпай, қам жасайық.

– Не кам жасауымыз керек, – деп Токтарбай ашулы түрмен Күлжанға қарады.

– Жасау-жабдықтары, киім-кешектерін айтады да апам. – Күлжан енесінің орнына жауап берді.

– Иә, қарақтарым, қыз беріп, келін түсірудің талай-талай машакаттары болады...

Әрткес тиген дауылдай хат сыры Токтарбайдың тұңғышы Гүлгайша жайлы ауыл ішіне демде-ақ тарады. Біреулер Гүлгайшаны сөгеді. “Оқып алмай не жанына зор келді дессенші, қүйеу табылмай қалады деп ойлады ма екен, біреулер институтқа түсе алмай зар, ал мына Гүлгайшанікі нс? Оқи алмай кеткен фой қүйеуге” дейді. Бұл сөздер Күлжан мен Токтарбайдың құлағына да шалынып жүр. Не десін. Іштеп тынып, жандарын жегідей жеген қауесеттен күтылуға асық.

Қаншама жек көріп кетейін десе де, Гүлгайшаға іші-бауыры елжірей береді. Күлжан мен Токтарбай күніне бір рет Гүлгайша туралы сөз қозғамаса, ішкен тамақтары бойларына тарамайтындей, сұлесөк жүреді.

– Жыламай жүрсе болды фой, – деді Токтарбай шай үстіндес әйеліне.

– Әй, сен де бірдемені айта береді екенсін. Қашып барған қыз қалай жүрсе, солай жүрсін. Неменсге уайымдай бересің, – деді Күлжан Гүлгайшаға деген өкпесінің ұшын шығарып.

— Міне, бұған жақпаймын-ақ. Өз қызың ғой. Несе бүйрегің бүрмайды. Мал екеш мал да еміренеді. Сен не? Әлі өкпен тарқамады ма?

Одан әрі олар сөз таластырмады. Құлжан ашумен айтқан сөздерін есінс алды-ақ болды, мырс етіп күледі. Қүледі де, өзінің қатты кеткенін байқайды. Ашуланғанмен орнына келмейтінін біле тұра не істеуге де барған екенмін-ау! Құлжан Гүлгайшаны сағынды. Тезірек келсе скен деп тіледі.

Енесі екеуі асыл бұйымдарды Алматыдан алып қайтты. Демалыс құнгі жайма базардан тапты керектерін. Бірекі құн дүкеннен ұшыратпаған кілемді сонан саудагерлерден қымбат бағаға алды. Ауылға келгенде көрші-қоландар үйлеріне жиналды. Не алғанын көрмек кой. Нағиман қызына алған жасау-жабдықтарын ретімен көрсетіп жатыр. Құлжан да көптің бірі болып қарап тұр.

— Мынау менің ұнатып алған көйлесім. Гүлгайша жана қатып-ақ кетпей ме? Келінім жақтырмай әрең алдырыды. Мода дей мес, көйлектің бәрі шолтиып кетіпті. Одан мынау ұзын.

— Апа, мына көйлегіңіздің ішіне немереніз түсіп кетпей ме? — деп жатыр әйелдердің бірі. Тіпті кең ғой. Тағы бір размері жазылып жапсырылған қағазды оқып, 52-нің төртінші ростысы екен дейді. Олардың сөзін жақтырманған Нағиман:

— Мейлі, қарақтарым, Гүлгайшажан өсіп, толмайды дейсіндер мес, екіқабат болғанда киседі, — деді.

Әйелдер ду күлісті.

* * *

Еріктің жан дүниесін ойлар толқыны ұрғылап, өбден шаршатып тастағандай. Ауылға жақындаған сайын жүрексіне берді. Анасы Несіп құшашақ жайып қарсы алмасын біледі. “Ал Шарапат қандай қүйге түседі? Оның шешесі Құлсін ше? Қарындасым Жұпарға не деймін. Эй, бұлардың жарасы жеңіл-ау. Бәрінен де айтқанынан қайтпайтын шешемнің көнілін өзіме бір аударсам, мақсатымның орындалғаны деп түсінем. Кім біледі. Мына Гүлгайша оның бәрінен де бейхабар. Ол үй ішім жайлышы сұрап, біраз нәрсегес қанып алған еді. Енді үйықтап жатқаны анау. Оған да жеңіл смес. Өзі көрмеген елге алғашқы сапарға шығып, сол көрмеген елдің тұрғыны болмаққа бекініп келе жатыр ғой. Таң да атып келеді. Біраз көз шырымын алып алайын, таң алдында оят деп еді-ау Гүлгайша”. Ерік жапа-

дан-жалғыз зулаған пойыз есігін жартылай ашып, сыртқа қарап тұр. Ойы тарам-тарам болып сан-саққа кестіп жатыр. Ұйқы да қашып кеткен. Енді бір сағатта туып-өсken ауылы Сарыбелге жетпек.

“Қаннен қаперсіз тәтті үйқыға кеткен Гүлғайша дәл осы кез тұс көріп, балалықтың базарында шарқ ұрып жүр мс екен? Иә, тыныш ұйықтай қойшы. Оятуым қашпас”.

Ерік үйге жеделхат бермегенін орынды деп санады. Оның себебі – елге жария етпей, тосынан бару. Қасындағы Гүлғайшаны уақытша болса да, осы ауданға бөлінген маман ретінде таныстырмақшы болды. Сөйтіп, аз күн болса да ана көңілін басқа жаққа аудара тұрмақшы. Мүмкін Гүлғайша осы уақыттың ішінде Несіпке ұнап та қалар.

Ерік аяғының ұшымен басып келіп, Гүлғайшаны оятты.

– Көп ұйықтап қалыптын, неге ертерек оятпадың? – деп назын айтып жатыр Гүлғайша.

– Ұйқың қансын деп.

Ерік Шарапат туралы айтпақшы болып, бөгеліңкірсп қалды.

– Гүлғайша, ауылға кіргендес сен менің қонағым растінде көрін. Әйтпесе, скеумізді де шешем үйден қуып шығуы мүмкін, – деп Ерік жай-жапсарды түсіндіре бастады.

Алғашында не айтарын білмей өз-өзіне ыза болған Гүлғайша Ерікке ұнатпаған кейіппен жалт қарап алды да “осы уақытка дейін неге сездірмегенсің” деп, сөз аяғын жұмсарта айтты.

– Атастырып қойған қызынды неге алмадың?!

– Оған деген махаббатым болмаса, калайша жар етпекпін. Рас, алғаш ұнатып едім. Бірақ махаббаттың не екенін шын мәнінде түсінбеппін. Енді ғана көз жеткендей болды – деп, Ерік Гүлғайшаны жақсы көретінін білдіріп жатыр.

Жер апшысын қуырып жүрдек пойыз зулап келеді. Мөлт-мөлт стксін қар суы омырауын айғыздаған жап-жазық құлан дала артта ығысып қалып жатыр. Сонда да болса шегі жоктай.

– Қашан жетеміз? – дейді Гүлғайша сыртқа қарап тұрып. Көnlінде әлденеге елгізгендік, тағатсызданғандық байқалады.

– Енді ең көп болса жарты-ақ сағат жүреміз, – деді Ерік.

Сәл уақыттан кейін шағын ауыл көрінді.

– Анау ма? – деді Гүлғайша.